

**Кәсіпкерлік дамыса, еліміз де өркениетке өрлейді. Жұмыссыздық азаяды. Нарық халыққа қажеттіні қамтиды. Шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында қабылданған мемлекеттік бағдарламалар кәсіпкерлерге қолдауды арттырды. Іскерлік мүмкіндігін молайтты. Солардың қатарында Сырдариялық тұрғындар да мемлекеттік бағдарламаның игілігін көруде. Мұны облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы мен өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз турында аңғардық. Игі істерге күе болдық.**

## **АРМАНЫ АСХАНА**

### **АШУ ЕДІ**

Сырдария ауданында 2200 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы бойынша 2019 жылы 133,0 миллион теңгенің 37 жоба-сы қаржыландырылған. «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 172,7 миллион теңге болатын 5 жоба жүзеге асқан. Ал 36 адам стартап жана идеяларды іске асыру мақсатында 9,4 миллион теңге мемлекеттік грантты иеле-ніпті. Аудандық кәсіпкерлік палата-сы арқылы «Бизнес-Кенес-ші» курсың 80 адам және «Бастау-Бизнес» курсың 80 адам оқып, сертификат алған.

Қазір кәсіпкерлер мемлекет-тік қолдау арқылы жұмысын жандан-дырып отыр. Солардың бірі – Серікқұл Есенәліева. Ол «кәсіпкер болу үшін онтайлы сәтті күтіп отырудың қажеті жоқ, бастысы істі қолға алған жон» дейді. Іскер әйел түрлі салада бағын сынады. Ізденді. Қаржы жинады. Сойтіп кәсіп ашсам деген ойын жүзеге асырды. Бұрыннан асхана ашамын деген қызығушылығы бизнес саласына алып келді. Алғашқыда жұмыс істеу оңай болған жоқ. Қазір бар қиындық артта қалды. Жұырда ол «Өңірлік инвестициялық ортал-ығы» ЖШС-нің «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы аясында 4 миллион теңге несие алды. 4 адамды жұмыспен қамтыды. Асхана келушілерге таңғы сағат 9-дан

бастап айқара есік ашады. Түнгі 2-ге дейін үзіліссіз қызмет көрсетеді. Ал үй тағамдарына тұтынушылар алдын- ала тапсырыс береді. Дәмді кәуап сырдариялықтарға қатты ұнайды. Мұнда достар және отбасылар жиі кездесіп, бас қосады. Сондай-ақ асхана жанында мейрамхана бой коте-ріп жатыр. Нысан ашылған уақытта жұмысқа 20 адам қабылданып, 300 адамға қызмет көрсететін болады. Мейрамхананың құрылыс жұмыстары қазанда аяқталады.

- Талабың мен қалауың болса-, бәрі қолдан келеді. Мен батыл іске кірістім. Тағамның сапасы мен дәміне мән беремін. Ал қызметкерлерімнен жауапкершілік пен ісіне мұқият болуды талап етемін. Тазалық, адалдық, әділ-дік сынды қасиеттерді жоғары бағалаймын. Келген тұтынушыға жылы қабақ танытып, ілтипатпен шығарып салуды назарда ұстай-мын-, - дейді іскер әйел.

## **КЕРЕМЕТ□□ МОНША,**

## **ВЕТЕРИНАРЛЫҚ□□ ДӘРІХАНА**

Баспасыз сапарыңда қоғамдық моншаға бас сұқтық. Сырдариялық кәсіпкер Ердос Бахтыөразов жана істің қозғалысын тауыпты. «Жұмыс жоқ» деп қарап отыр-мастан, игі іске кірісіпті. Аудан орталығынан «Керемет» моншасын ашыпты. Мұнда бір мезетте 20-ға жуық адам шоғырлана алады. Бағасы да тұрғындарға қолайлы. Үлкендерге – 500 теңге-, балаларға – 200 теңге. Сонымен қатар қолбалалы аналарға тегін қызмет көрсетіледі. Ал мүмкін-дігі шектеулі азаматтарға жеңіл-дік қарастырылған. Айтпақшы, моншаны кәсіпкер өз қаражатына салған. Ал құрылысы басталған отбасылық моншаға «Микробизнес Қызылорда» бағдар-ламасы бойынша 10 миллион теңге несие рәсімдепті. Жана нысан тұрғындардың сұранысы бойынша салынууда. Ердос Бахтыөразов кәсіптің қозғалысын осылай- тауып отыр.

Мұнан соң тағы бір жас кәсіпкердің ветеринарлық дәрі-ханасына келдік. Оның иесі – 29 жастағы Дана Ашабаева. Ол бізге нәзіктен үй жануарларына арналған дәріхана ашқанымен бөлісті.

- Кәсіби ветеринар болгасын үзак ойландым. Отбасыммен ақылдасып, дәріхана аштым. Неге? Себебі-, ауданда дүкен көп. Ал үй жануарларына арналган дәрі-хана тапшы, - дейді Д.Ашабаева.

Жас кәсіпкер де «Микробизнес Кызылорда» бағдарламасы аясында 2 миллион тенге несие алуға кұжат дайындапты. Енді комиссия шешімін күтіп жүр. Онын айтуынша, көпшілік үй жануарларына арналган анти-биотик пен дәрумендерді көп алады.

- Казір тұрғындар итті де, мысык-ты да емдейді. Тіпті неміс овчаркасы сыркаттанса, еммен жазып алады. Алдагы уақытта ветеринарлық клиника ашкым келеді, - дейді ол.

Дәріхана ғимаратын жалға алган кәсіпкер жуырда жер телімін алыпты. Алган несиеге жеке дәріхананын құрылысын бастамақшы.





